The image features a variety of sewing supplies arranged on a grey, textured surface. In the foreground, a white measuring tape is partially visible, showing markings for 18, 19, and 20. Several spools of thread in different colors (gold, green, red, pink, blue, and yellow) are scattered around. There are also several fabric flowers in various colors (pink, blue, green, yellow) and some small, colorful beads or sequins. The text is centered in the middle of the image.

***ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ,
ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕСТЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ ДЕГЕН
БИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ***



МАҚСАТЫ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕСТЕЛЕУ
ӨНЕРІНЕ ДЕГЕН БИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ.

МІНДЕТІ: КЕСТЕЛЕУ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ ЖЫЛПЫ
МӘЛІМЕТ ЖИНАУ.

КЕСТЕЛЕУДІҢ ТҮРЛЕРІМЕН ТАНЫСУ.

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРМЕН
КЕСТЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАСАУ.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-үйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар.



Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қарамақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

Шым кесте деп тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кестені айтады.

Әредік кестеде материалдың әр жері өшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады.





Айқас (крестеп) тигу де инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түрі. Мұнда өрнек ізімен біркелкі төрт бұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырады. Бұл қазір кесте тигудің ең қолайлы түрі деп танылып жүр.




▣ **Сабақты кесте.** Кестенің бұл түрін тігу үшін өрнектің нұсқалары пайдаланылады. тіккен кезде ине кері шаншылады, яғни әрбір жаңа тігіс осылайша түседі. Жіпті бекітіп, инені матаның кесте түсетін бетіне шығарған соң оған 2-4 жіпті іліп алу керек. Жіпті шығарып алған соң инені қайта шаншып, сосын оған алғашқы тігіске қанша жіп алынса, сонша жіп іліп алады. Тігістердің біркелкі болып түсуін қадағалау және инені екінші, үшінші, одан кейінгі тігістерде алдыңғы тігістің ортасынан шығарып отыру қажет.



□ "Шнурок" және "велюшка" тігісті кестелер

"Шнурок" және "велюшка" тігісі

Бұл тігістермен көйлектің қалтасын, кеудесін әшекейлеуге болады. Кестелетін материалдың өзінің жібімен төгілген кесте ерекше әдемі болып шығады. Кесте төгілетін жер ромбылап торға бөлінеді, ромбының жақтары 2-3см. болуы керек. Сосын тор сызықтары бойымен сиректеу етіп тігіс түсіріледі. Тігістің көлемі және олардың ара қашықтығы біркелкі болғаны дұрыс, олар 5 миллиметрден аспағаны жөн. Жаңа жіппен тігілетін келесі тігісте инені алғашқы тігістің әр қайсысының түбірінен жоғарыдан төмен қарай шаншу керек. "Шнурок" тігісі осылайша тігіледі. Егер инені біресе жоғары, біресе төмен шанши тіксе "велюшка" деген тігіс шығады.






САНАП ТІГЛЕТІН КЕСТЕ

САНАП ТІГЛЕТІН КЕСТЕ. ТІК ТҮСКЕН ТІГІС

САНАП ТІГЛЕТІН КЕСТЕ. КӨЛДЕНЕҢ ТҮСКЕН ТІГІС

Бұл кестені матаның жібін санап отыру арқылы тігеді. Кесте төгілетін мата селдір болуы керек. Кестелейтін жіптің жуандау болғаны дұрыс, өйткені ашық жер қалмай жиі тігіледі. Тігістің тік, көлденең және қиғаш болып әр түрлі түсуі мүмкін. Тік түскен тігістің саны мен биіктігінің алмасып келуі ирек-ирек өрнек түсіреді, ал тік және көлденең тігістердің жымдаса түсуінен басқа бір өрнек туады. Кестелеуді солдан оңға қарай жүргізеді. Инені матаның оң жақ бетіне шығарып, жоғары қарай бір тігіс түсіреді. Сосын матаның астына түскен инені алғаш шанышқан жермен дөңгейлестіре, оң жаққа қарай әкеліп, жаңа тігіс түсіреді.





БІР ЖАҚТЫ ТЫҒЫЗ КЕСТЕ ("ВЕРХОШОВ" НЕМЕСЕ "ВЛАДИМИР КЕСТЕСІ") - МҰНДАЙ КЕСТЕМЕН ЖАСТЫҚ ТЫСЫНА, ДАСТАРҚАНҒА Т.Б. ӨСІМДІК САБАҚТАРЫН, ГҮЛІН, ЖАПЫРАҒЫН САЛЫП КЕСТЕЛЕЙДІ. МҰНЫҢ БІР ӨЗГЕШЕЛІГІ, ТІГІЛГЕН КЕСТЕНІҢ ТІГІСТЕРІ ТҮГЕЛДЕЙ МАТАНЫҢ ОҢ ЖАҚ БЕТІНЕ ТҮСЕДІ, АЛ ТЕРІС ЖАҒЫНАН МАТАНЫҢ НЕБӘРІ БІРНЕШЕ ЖІБІ ҒАНА ІЛПІ АЛЫНАДЫ. 6 ҚАБАТТАЛҒАН МУЛИНЕ ЖІППЕН НЕМЕСЕ ЖҮН ЖІППЕН ТІГІЛЕДІ. ӘДЕТЕ, ҚЫЗЫЛ ЖІПКЕ КӨК, САРЫ, ЖАСЫЛ ЖӘНЕ АҚ ЖІПТІ ҮЙЛЕСТІРІП АЛАДЫ. БҰЛ КЕСТЕНІҢ ТІГІСТЕРІ БІРІНЕ-БІРІ ТЫМ ТАҚАУ ТҮСПЕЙДІ. ОҢ ЖАҚ БЕТІНЕ НЕГІЗГІ СУРЕТ ТҮСЕДІ, АЛ ТЕРІС ЖАҒЫНА СУРЕТ НҰСҚАСЫНЫҢ БОЙЫМЕН КӨКТЕЛГЕН СІЯҚТЫ БІР ҚАБАТ ТІГІС ТҮСІП ОТЫРАДЫ.





**АТЛАС КЕСТЕ - ТІГІСТЕРІ БІРІНЕ-БІРІ ӨТЕ
ЖАҚЫН, ШЫМ БОЛЫП ТҮСЕДІ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ЖІПТЕР - МУЛИНЕ ЖӘНЕ ЖІБЕК. ИНЕГЕ ЖІПТІ
БІР ҚАБАТТАН ҚАНА САБАҚТАЙДЫ. ӘРБІР КЕЛЕСІ
ТІГІСТІ ТІККЕНДЕ АЛДЫНДАҒЫ ТІГІЛГЕН ТІГІТЕН
СӘЛ КЕРІ ҚАРАЙ ИНЕНІ КӨРШІ ТІГІСТІҢ ОРТАСЫН
АЛА ШАНШИДЫ. БАРЛЫҚ ТІГІС ЖАПЫРАҚТЫҢ
ӨЗЕГІ БОЙЫНША ЖҮРІП ОТЫРУЫ ҚАЖЕТ.**



Керекті құрал-жабдықтар

Кестелуді қолмен тігу үшін жіп, мата, ине (көзі кең, қысқа), қайшы, оймақ, түйреуіш, желізм, біз және дөңгелек кергіш қажет.

Матаның қалыңдығы кесте жібінің жіңішке, жуандығына және тігістің шаншылым жиілігіне сай келуі керек. Мата қалыңдау болғаны дұрыс, бірақ тігісті тартып, иненің өтуін қиындатпауы керек, мата өте жұмсақ болса да тіккен кесте бедері әдемі көрінбей қалады.

Кенеп матаның құрылымы қандай мөлшердегі болсын иненің өтуіне оңай, иненің қалдырған ашық іздері басқа маталарға қарағанда кейін тез жабылып кетеді. Өте нәзік бұйымдарды кестелеуге өте жұқа бірақ құрылымы тығыз маталарды пайдаланған жөн, себебі ол жұмысқа қосымша айқындық әсер беріп тұрады. Айқас тігіс сияқты санап тігілетін кестелерге канва ыңғайлы. Канвалар жіптердің санына, тығыздығына қарай әр түрлі нөмірлі болады. Нөмір санының өсуіне қарай канваның көздері кішірейе береді.

Кеңестер

Кестелеу кезінде жіпті түйіншектеуге болмайды.

Кестелеуді бастар алдында жіпті матаға бекіту тәсілдері:

бірінші тәсіл - инені бірнеше рет шаншып, ұсақ тігістер жасап алу керек, ол жер артынан кестемен жабылып кететіндей болуы тиіс; екінші тәсіл - инені бір рет шаншып алып, жіпті матадан ақырына дейін суырмай, қалған ұшын екінші рет ине шаншып, үстінен тігіп алу керек, жіптің ұшын қиып тастап, оның үстін кестемен бастырады; үшінші тәсіл - екі қабатталған жіпті тұйықталмаған ұшынан сабақтап, инені матаның астынан үстіне қарай шығарып, жіпті ақырына дейін тартпай, инені қайта төмен шаншу арқылы жіптің тұйықталған ұшын бастыра тартады.

Кестені бітірер кезде кестелеп отырған жіпті жиі шаншып, суреттің астына жіберіледі.

Ұсақ бұйымдарды әдетте дөңгелек кергіште кестелейді. Матаны кішілеу кергішке салып, үстінен үлкен шеңберді салады да кереді.

Суретті матаға көшіргі қағаз арқылы калькаға түсіріп, сосын сурет нұсқасын түрлі-түсті қарындашпен сызады. Жібек маталарға сурет түсіру үшін суреті бар қағазды матаға салып сурет нұсқасын көктеп шығады да қағазды жыртып алып тастайды.





КЕСТЕЛЕУДЕ ҚОЛДАНАТЫҢ ТІГІС ТҮРЛЕРІ:

БҮРМЕ ТІГІС ӘР ТҮРЛІ ЖЕЛЫРЛЕРДІ, ҚОС ЕТЕКТЕРДІ БҮРЕ ЖАП-СЫРҒАНДА, БҮРМЕЛІ ЖАҒАЛАРҒА, ЕТІКТІҢ БАСЫН ҚАЛЫПҚА САЛЫП ҰЛТАРАҚШАҒА ЖАПСЫРҒАНДА, БІР ЗАТТЫҢ ШЕТІН ЖИНАЙ ТІККЕНДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ. БҮРМЕ ТІГІСТЕР КӨБІНЕЕЕ ЕКІ ҚАТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ. МҰНДА ИНЕНІҢ ӘРБІР ШАНШЫМЫ СИРЕКТЕУ КЕЛЕДІ ДЕ, ЖІПТІҢ БҮРЕ ТАРТЫЛУЫМЕН ЖИЫРЫЛА ТІГЛЕДІ. БҮРМЕЛЕРДІҢ ҚАТПАР ЖАСАЛЫП, ТІЗБЕЛЕЙ ЖИЫРЫЛА ТІГІЛУІ МҰМКІН.

«**ТАҢДАЙ**» ТІГІС — БҰЛ ДА КӨРКЕМДЕП ТІГУ ІСТЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС. ОНЫ ҮШ СЫЗЫҚТЫҢ ҮСТІМЕН, ҮНЕМІ ҚИҒАШ ШАНШЫП ТІГЛЕТІН «ҚОС ҚАБЫРҒА» МӘНЕРІМЕН ОРЫНДАЙДЫ. МҰНДАЙ КЕСТЕЛІ ТІГІСТЕРМЕН КИМЕШЕКТІҢ ЖАҚТАРЫН, ЖАҒА-ҚАҚПАЛАРДЫ, ЖЕҢНІҢ АУЗЫН, КЕСТЕЛЕНГЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ШЕТТЕРІН ӨРНЕКТЕГЕН.

«**Тышқан із**» ТІГІСІ ҮШ СЫЗЫҚ АРАСЫМЕН, НЕ ШАРШЫ СЫЗЫҚТАР АРАСЫМЕН ТІГІЛЕДІ. АЛҒАШҚЫ ШАНШЫМЫНДА ИНЕНІ ТӨМЕНГІ СЫЗЫҚТАН ЖОҒАРЫ КЕТЕРІП ҮСТІҢГІ СЫЗЫҚТАН ШАНШЫП МАТАНЫҢ АСТЫНА ТҮСІРЕДІ. БҰЛ КЕЗДЕ СОЛ ҚОЛДЫҢ БАРМАҒЫМЕН ИНЕ ЖІБІН ӨЗІНЕ ҚАРАЙ ТАРТА БАСЫП, ІРКІНДІ ІЛМЕК ЖАСАЙДЫ ДА, ИНЕНІ БОСАҢДАУ ТАРТАДЫ. ИНЕ ҮШІНШІ ШАНШЫМЫНДА ОРТАЛЫҚ СЫЗЫҚ БОЙЫМЕН ЕКІ ШАНШЫМ ІЛГЕРІ АТТАП ІРКІЛІП ТҮРҒАН ІЛМЕК АРАСЫНАН ШЫҒАДЫ. ИНЕНІ КЕЛЕСІ КЕЗЕКТЕ ТАРТҚАНДА ІЛМЕК ОРТАСЫНДА СОПАҚТАУ ҮШ БҮРЫШ ЖАСАЛАДЫ. ТІГІС ОСЫЛАЙША ҚАЙТАЛАНА БЕРЕДІ.



КЕСТЕЛЕУДІҢ ОҚУШЫЛАРҒА ПАЙДАСЫ:

- Оқушылардың моторикасын дамытады.
- Оқушылардың шыдамдылығын, еңбексүйгіштігін, төзімділігін дамытады.
- Оқушылар әр түрлі кесте түрлерімен танысып, кестелеуді үйренеді.
- Кестелеу арқылы математикалық ұғымдарды: санау, симметрия, фигураларды сыза білуге үйренеді.